



ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК

*Карагандинской академии
Министерства внутренних дел
Республики Казахстан
имени Баримбека Бейсенова*

№ 2

2019

Қазақстан Республикасы ІІМ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
2019 жылғы № 2
ХАБАРШЫСЫ
30 шілде

ВЕСТНИК
Карагандинской академии
МВД Республики Казахстан
им. Баримбека Бейсенова
№ 2 за 2019 год
30 июня

Зарегистрирован в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан

Свидетельство № 12781-Ж от 31.05.2012 г.

Серия основана в 1974 г.

Главный редактор

О. Т. Сейтжанов, кандидат юридических наук, доцент

Редакционная коллегия

*И. А. Насонова, доктор юридических наук, профессор
(Российская Федерация);*

*Н. С. Нижник, доктор юридических наук,
профессор, Заслуженный работник высшей школы
(Российская Федерация);*

*К. М. Осмоналиев, доктор юридических наук,
профессор (Кыргызская Республика);*

*В. В. Кожокар, кандидат юридических наук
(Российская Федерация);*

К. С. Лакбаев, доктор юридических наук, профессор;

А. Х. Миндагулов, доктор юридических наук, профессор;

С. С. Молдабаев, доктор юридических наук, профессор;

З. С. Токубаев, доктор юридических наук, профессор;

А. Д. Шаймуханов, доктор юридических наук, профессор;

С. К. Алтайбаев, кандидат юридических наук;

А. Б. Жакулин, кандидат юридических наук, доцент;

Ж. Ш. Кусаинов, ответственный секретарь

**Над номером
работали**

Редакторы

Е. Ю. Лухтина,
Б. А. Қалиев

Корректор

В. Т. Бирюкова

**Дизайн,
техническое
редактирование и ком-
пьютерная вёрстка:**

С. М. Аубакирова

Сдано в набор 15.01.2019.

Подписано в печать
17.06.2019.

Усл. печ. л. 10,23.

Формат 60×84¹/₈.

Бумага офсетная.

Печать офсетная.

Заказ № 3217.

Тираж 200 экз.

Издается 1 раз в квартал

Материалы редакцией
не возвращаются.

Перепечатка материалов
возможна только
с разрешения редакции.

Тематический план издания
ведомственной литературы
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова
на 2019 г., позиция № 2.

Отпечатано в типогра-
фии Карагандинской
академии МВД РК
им. Б. Бейсенова,
г. Караганда,
ул. Ермакова, 124.

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ПРОБЛЕМЫ ПРАВА И ПРАВОПРИМЕНЕНИЯ

UDC 343.54

Abugaliyev K. N., *Research Institute Activities of the Internal Affairs Agencies and regulatory legislation monitoring issues Senior Research Fellow, candidate of philology sciences, police lieutenant colonel*

(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B. Beysenov)

Questions of sex freedom and sexual impracticeness

Annotation. Sexual freedom and sexual inviolability of the person is one of the objects of the criminal law of the Republic of Kazakhstan. Therefore, any negative actions, which violate the sexual freedom and sexual inviolability of the person, will lead to criminal responsibility of the perpetrator. Disposition of given criminal offences is discussed in the section of criminal offences against the person in Criminal code of the Republic of Kazakhstan.

In the article a concept is exposed sexual crime and his objective and subjective parties. An author also accents attention on criminal offence of sexual inviolability and sexual freedom of minors. His regulation is also examined in the Criminal code of Republic of Kazakhstan.

Keywords: sexual intercourse, sexual inviolability, sexual freedom, minor, object of crime, subject of crime.

Man is not just a biological, but also a social creature. In other words, each of us can not get out of the public. Thanks to social interaction, people are making amazing things. And the strengthening of society leads to the evolution that continues to date throughout the world. However, the social character of a person is conditioned by the existence of certain laws that are the basis of legal order. Such legal liberties will allow all of us to carry out some activities within the framework of life. However, the legal basis of the social interaction is that freedom of each person should not be violated by the influence of another person. The category of such liberties can also include the right to sexual assault. The broad legal meaning of this term reflects its crucial importance.

Everyone's legal liberty is characterized by the existence of certain rights and obligations. In this context, the legal inviolability of a person is a component of the constitutional status of each individual. In this context, we see that sexual assaults are not only asserted but also at the highest level of protection of the state. That is, any person guilty of breaking this freedom will be subject to legal liability. Because sexual inviolability provides a normal human existence. The essence of this freedom is that it is important for a person to have the right to choose his or her own sexual life.

Sexual offenses are criminal acts that result from sexual misconduct. Criminal law of the Republic of Kazakhstan includes sexual exploitation such as rape, sexual violence, forced sexual intercourse, sexual relations with minors, and sexual exploitation of young children [1].

Sexual freedom and sexual exploitation of an individual are one of the objects of criminal law of the Republic of Kazakhstan. It means that public relations arising in this category are protected by the standards of this sphere. For this reason, the perpetrator is subjected to criminal prosecution

for any maltreatment of the individual's sexual freedom and sexual exploitation. This is particularly important because the human rights situation in the sphere of human beings has the greatest negative impact on their freedoms. They are usually mental and typical. At first, human beings suffer from psychological damage. Special effects come from the use of violence. After that, we will speak not only about the legal protection of sexual freedom and inviolability, but also about the whole system of dangerous acts of the society provided by the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.

Crimes against sexual assault are serious offenses against sexuality and public order. The object of this crime is a complex character. It is not merely a classic sexual encroachment, but also a development of juvenile delinquency, human and social norms, human health, physical and mental health. Thus, it is known that such crimes often lead to some of the most important social categories.

Scientists in the field of criminal law have repeatedly pointed to the problem of crimes against sexual assault and sexual freedom. Here are some of the classic features that characterize this action:

- Crimes against sexual freedom are always sexual;
- they violate the social relations established between society;
- These crimes are committed through the constant intention.

When discussing the proposed symptoms, there is a question about normal sexual relations. What is this category? Again, there is no common opinion among scholars. Sexuality is often the result of a legal problem, rather than a legal one, which is regulated by a moral norm that has existed over a certain period of time in society. If we analyze the legal framework, the notion of «sexual relations» is only reflected in some acts and does not make sense. Now, if we analyze these sexual relations from a moral standpoint, the normal order of this category is characterized by the following signs:

- the age at which the person becomes a normal participant of sexual intercourse;
- the person experiences the physiological and social aspects of sexuality;
- Sexual relationships are voluntary and not compulsory;
- Normal behavior of the proposed category is characterized by the mechanism of natural communication;
- Lack of relationships between couples plays a special role in sexual intercourse [2].

Here are a set of many provisions of the Criminal Code, which set out crimes against sexual freedom and sexuality based on these particular signs. Intentional harmful behavior against a person who is under age attained by sexual intercourse is strictly punishable under criminal law. Such actions are differentiated in different countries. Under the legislation of the Republic of Kazakhstan, offenses against minors are recognized as criminally punishable under Article 122 of the Criminal Code of the RoK [3]. It also states that any act of sexual nature with a person under the age of 16 is punishable by law. At the same time, the age of a person will be important for legal analysis. Article 134 of the Criminal Code has its own internal structure. Only the same can determine the actual crime. It is evident that the composition of any offense includes elements such as subjects, objects, subjective and objective aspects. When analyzing each piece, it is possible to identify the specificity of crimes against minors' sexual freedom and sexual assault. Object of crime — relations in the field of sexual maturity of a person under the age of 16 years. In addition, this element of risky behavior involves the normal physiological and psychological development of a person. The optional object, as a rule, is the juvenile's health. Because unobtrusive sexual contact may cause significant physiological harm. As for the objective aspect of the crime, its element is the activity characterizing sexual relations. Here we talk about sexual relations between men and women. However, Article 123 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan also reflects the norms characterizing non-natural forms of sexuality. For example, sexual intercourse between men and women, sexual intercourse of woman and woman. Here, the actions of this na-

ture are the peculiarities of the criminal differentiation. That is the fact that the demoralization of the juvenile is a violation of sexual freedom. As an objective part of the crime, it is not important to have sex with or without such intimacy. That is, even if a minor is self-motivated, a full-fledged person will no longer be held responsible. The subject of the crime against sexual encroachment and freedom of an individual under 16 is always an adult. Here, he should not marry an underage person. The subjective side is characterized by a direct intent, regardless of circumstances. However, in this case the role of judicial practice prevails in the analysis of actions. Sometimes the perpetrator can not understand the age of the victim because of the physiological development of the victim. Therefore, the investigating authorities are obliged to determine whether the perpetrator understands the real age of the person.

In the end, each state has its own right to protect people's sexual freedom. For example, in countries such as Kazakhstan, China, Vietnam, there is no institute of sexual crimes. And in the Turkish state, that is, the criminal law does not refer to the concept of «sexual freedom». Because in the notion of majority, this notion means «departure from the face». The influence of religious faith can not be undone. Ultimately, such dangerous acts will not only cause harm to real people, but will also adversely affect the morale of society.

List of used literature:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>.
2. <https://businessman.ru/new-polovaya-svoboda.html>.
3. Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. — Almaty, 2016. — P. 74.

ТҮЙІН

Жеке адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қолсұғылмаушылығы Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы объектілерінің бірі болып табылады. Сондықтан жеке адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қолсұғылмаушылығы бұзылу жағдайында әрбір келеңсіз әрекеттер үшін кінәлі адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың диспозициясы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауында қарастырылады.

Мақалада жыныстық қылмыстардың ұғымы, оның объективтік және субъективтік жақтары ашылып айтылған. Автор сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығы мен жыныстық бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға баса назар аударған. Сонымен қатар оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі реттелуі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Половая свобода и половая неприкосновенность личности является одним из объектов уголовного права Республики Казахстан. Поэтому любые негативные действия, которыми нарушаются половая свобода и половая неприкосновенность личности, влекут уголовную ответственность виновного лица. Диспозиция данных уголовных правонарушений рассматривается в разделе «Уголовные правонарушения против личности» Уголовного кодекса Республики Казахстан.

В статье раскрыто понятие половых преступлений и их объективные и субъективные стороны. Автор также акцентирует внимание на уголовных правонарушениях половой неприкосновенности и половой свободы несовершеннолетних. Рассматривается его регламентация в Уголовном кодексе Республики Казахстан.

С.Қ. Алтайбаев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Жаппай тәртіпсіздіктің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайлар

Аннотация. Мақалада жаппай тәртіпсіздіктің пайда болуын — белгілі бір модельге ие ұзақ, көпжоспарлы процесс, жанжалдың даму алгоритмі және оны күш қолдану жолымен шешілетін қарама-қайшылыққа айналдыру екені қаралады. Сонымен қатар жаппай тәртіпсіздік себептерінің әртүрлі заманауи теориялары, әдетте, бірдей әлеуметтік-психологиялық тәсілдерді пайдаланатындығы ашылады.

Автор жаппай тәртіпсіздіктердің ең маңызды себептері экономикалық, идеологиялық және тіршілік әрекетінің басқа да салаларындағы қайшылықтар, ұлтаралық қатынастар саласындағы қайшылықтар танылатындығын тұжырымдаған.

Жаппай тәртіпсіздіктерді детерминдеуде әлеуметтік-саяси, экономикалық факторлардың маңызы зор. Сонымен қатар мұнда мемлекеттік органдардың құқық қорғау, басқару қызметіндегі деформацияны жою қажеттігін түсіну маңызды. Бюрократизм, билікті теріс пайдалану, парақорлық, халықтың мүдделерін елемеу, белсенділіктің жеткіліксіздігі, ал кейде лауазымды адамдардың ашық әрекетсіздігі не оларды құқыққа қарсы әрекеттерге тарту жаппай тәртіпсіздіктердің туындауының негізгі факторлары болуы мүмкін. Осындай «ішкі» қоздырғыштардың қауіптілігі анықталады.

Түйін сөздер: жаппай тәртіпсіздік, жаппай тәртіпсіздіктердің туындау себептері, азаматтардың мүдделерін, құқық қорғау органдары, экстремистік элементтер, жергілікті билік органдары, жаппай қоғамға қарсы көріністер.

«Жаппай тәртіпсіздік» қылмысының жалпы сипаттамасының маңызды құрамдас бөлігі олардың пайда болу себептері мен бұған ықпал еткен жағдайларды талдау болып табылады.

Жаппай тәртіпсіздіктердің ең маңызды себептері экономикалық, идеологиялық және тіршілік әрекетінің басқа да саласындағы қайшылықтар, ұлтаралық қатынастар саласындағы қайшылықтар танылады.

Кез келген қоғамның дамуында қандай да бір әлеуметтік топтардың немесе қауымдастықтардың (этностық, діни, кәсіби және т. б.) мүдделерін қозғайтын, түрі мен деңгейлері бойынша әртүрлі қайшылық үнемі пайда болады және өз шешімін табуға тырысады. Белгілі бір жағдайлар мен сыртқы факторлардың әсерінен, экстремистік элементтерді қоса алғанда, қайшылықтарды шешу процесі теріс сипатқа ие болуы мүмкін. Ал мүдделері осы қайшылықты қозғайтын топтар арасындағы қатынастарда әлеуметтік шиеленіс туындайды және топтасады, ол қайшылықты шешу бойынша уақытылы әрі жеткілікті шаралар қабылданбаған жағдайда дауға, оның ішінде жаппай (топтық) қоғамға қарсы көріністер нысанында да болуы мүмкін. Көрініс елеулі ауқымға ие болған, ал қатысушылар арасында экстремистік көңіл-күй элементтері, есірткінің, алкогольдің әсерінен болған адамдардың жеткілікті саны болған жағдайларда, олар топ мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін саналы немесе ессіз пайдалана алады және оған кіретін адамдарды құқыққа қарсы әрекеттерге тарта отырып, жаппай тәртіпсіздіктерге әкелуі мүмкін. Жаппай тәртіпсіздіктердің туындау себептері туралы мәселені бірнеше деңгейде қарауға болады.

Тәртіпсіздіктердің пайда болуының негізгі себептерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады: а) халықтың басым көпшілігінің мүдделерін қозғайтын объективті проблемалар мен қайшылықтардың шешілмеуі, асқынуы; ә) белгілі бір топтар мен қауымдастықтардың мүдделерін қозғайтын қандай да бір басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателер, сондай-ақ осындай шешімдердің орындалуын дұрыс ұйымдастырмау.

Жаппай тәртіпсіздіктің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайлар

Бұған іске асырылуы белгілі бір саяси және ұлттық бірлестіктердің мүдделеріне қандай да бір дәрежеде нұқсан келтіретін, халықтың жоғарыда аталған санаттары тұрғысынан ойластырылмаған және дайындалмаған шешімдер қабылдау жатады; б) азаматтардың мүдделерін тікелей қозғайтын мәселелер бойынша шешім қабылдауға уәкілетті қандай да бір органның, мекеменің, ұйымның қызметінде заңдардың жүйелі түрде жол берілетін бұзушылықтары немесе өкілеттіктерін асыра пайдалануы. Әсіресе, құқық қорғау органдары, атап айтқанда, ІІМ, аудандық, қалалық билік органдары осындай бұзушылықтардың субъектілері болып табылады, олардың қызметкерлері азаматтарға қатысты дөрекілік пен немқұрайлық танытады; в) халықтың санасында ұлттық, діни-фанатикалық және сананың басқа да элементтерінің болуы. Қазіргі уақытта халықтың белгілі бір санаттары арасында басқа ұлттар мен ұлттардың өкілдеріне төзбеушілікпен байланысты ұлтшылдық көңіл-күй кеңінен таралғаны аса қауіпті; г) жағымсыз көңіл-күйді туғызу және жаппай тәртіпсіздікке ұласатын қоғамға қарсы көріністерді орнықтыру үшін нақты бар қайшылықтар мен проблемаларды пайдаланатын экстремистік бағытқа салынған элементтердің іс-әрекеті.

Жаппай қоғамға қарсы көріністер мен тәртіпсіздіктерге әкелуі мүмкін әлеуметтік үдерістер дамиды жағдайлар маңызды рөл атқарады. Жаппай тәртіпсіздіктердің туындауына тікелей немесе жанама ықпал ететін жағдайлар қатарына мыналар жатады: а) жергілікті билік органдарының, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар әкімшіліктерінің қандай да бір байланыста туындайтын немесе шиеленіскен әлеуметтік қайшылықтардың тереңдігі мен маңыздылығын, олардың қоғамға қарсы көріністерге көшуінің нақты қауіптілігін жете бағаламауы, уақтылы шаралар қолданбауы; ә) қылмыстық құқық бұзушылыққа, бұзақылық, басқа да құқыққа қарсы және қоғамға қарсы құбылыстарға қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысындағы, алдын алу іс-шараларын жүргізудегі кемшіліктер; б) ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін бұрын сотталған адамдарды қадағалауды әлсірету; в) құқық қорғау органдары қызмет көрсетілетін аумақта және объектілерде жағдайды нашар білуі, бұқаралық эксцестердің өршуі туралы ақпарат алмасу бөлігінде өзара іс-қимыл мәселелеріндегі кемшіліктер; г) жеке бірлестіктердің ішіндегі жағдай туралы, әсіресе, құқыққа қарсы іс-әрекет жасау әрекеттері бұрын атап өтілгендер, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жаппай тәртіпсіздіктердің пісіп-жетілуі жағдайында және төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға кәсіби және психологиялық дайын еместігі туралы толық және дұрыс ақпараттың болмауы.

Жаппай тәртіпсіздік — мемлекеттік басқару негізіне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, сондай-ақ жеке адамның өмірі мен денсаулығына қол сұғатын қылмыстың аса қауіпті түрлерінің бірі.

Бұл қылмыстың себептері мен мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін.

1986 жылдың 17 желтоқсанында Алматы қаласының орталық алаңында Қазақстанның КП ОК ғимаратының жанында жиналған адамдардың үлкен топтары дау-дамай тудыра отырып, аталған комитеттің республикада аз танымал партиялық қызметкердің тағайындалуына өз наразылығын білдіре бастады. Құқық қорғау органдарының санкцияланбаған митингілердің жолын кесу жөніндегі іс-әрекеті ереуілшілермен қақтығысуға әкеп соқты; содан кейін саны 200-300 адам және одан да көп жекелеген топ өтіп бара жатқан адамдарды ұрып-соғып, ғимараттардағы терезелерді, дүкен сөрелерін қирата бастады, қалалық көліктерді тоқтата бастады. Бұл келесі күні де жалғасты. Нәтижесінде 9 автокөлік өртелді, 152 автокөлік зақымданды, медициналық мекемелерден 923 адам көмек сұраған, 168 милиция қызметкері ауруханаға жатқызылды [1, 2].

Жаңаөзендік этникааралық қақтығыс (1989 жылғы 16 маусым – 24 шілде). Қақтығысқа 2 тарап қатысты: 1) жергілікті қазақ халқы; 2) Каспий өңірінде тұрақты тұратын Кавказ эт-

никалық топтарының өкілдері (лезгиндер, шешендер, ингуштер), сондай-ақ жұмысшылар-вахташылар.

Этносаралық қақтығыс кең Каспий маңы аймағын — Гурьев (қазіргі Атырау және Маңғыстау) облысын, соның ішінде Жаңа Өзен, Шевченко (Ақтау) қалаларын, Маңғышлақ станциясы, Құлсары, Жетібай, Мұнайшы, Шетпе, Ақшұқыр, Ералиев, Қызылтөбе кенттерін қамтыды.

Этноконфликтінің себептері Каспий маңындағы бірнеше онжылдықта қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік, демографиялық мәселелер кешенінде жатыр [2].

2011 жылғы 19 желтоқсан. «Жаңаөзендегі жаппай тәртіпсіздік нәтижесінде 46 нысан тоналып, өртелді, оның ішінде 8 банк нысаны, 20 дүкен, 2 кафе, 1 нотариалдық кеңсе, 2 ломбард, қалалық әкімдік және Теңге кентінің әкімдігі, 1 фотосалон, 2 полиция тірек пункті, «Ару-ана» қонақ үйі, «Өзенмұнайгаз» компаниясының ғимараты, 3 жеке үй, 20-дан астам машина өртелді және зақымдалды» [3], — деп Бас прокуратураның ресми өкілі Нұрдәулет Сүйіндіковке сілтеме жасай отырып Kazakhstan-Media хабарлады.

Сонымен қатар, оның айтуынша, қаланың медициналық мекемелеріне түрлі дене жарақаттары бар 86 адамның ішінде 6 полицей бар. Жаңаөзен ПБ бастығының орынбасары Әділов комада жатыр [4].

Жаппай тәртіпсіздіктің пайда болуы — белгілі бір модельге ие ұзақ, көпжоспарлы процесс, жанжалдың даму алгоритмі және оны күш қолдану жолымен шешілетін қарама-қайшылыққа айналдыру. Жаппай (азаматтық) тәртіпсіздік себептерінің әртүрлі заманауи теориясы, әдетте, бірдей әлеуметтік-психологиялық тәсілдерді пайдаланады.

Біздің ойымызша, тәртіпсіздіктер әлеуметтік-құрылымдық себептер бойынша ғана туындамайды. Жүргізілген әлеуметтік зерттеулер жаппай тәртіпсіздік себептерінің кешенді сипатын көрсетеді, тіпті бір елеулі себептің өзі олардың пайда болуы үшін жеткілікті бола алмайды.

Жаппай тәртіпсіздіктің пайда болу факторларының сан алуандылығы, жеке тұлға мен жағдайдың арақатынасы әр алуандылықпен өзара іс-қимылдың барлығы ескеріле отырып қана зерттелуі мүмкін. Осыған байланысты, Г. Шнайдер (ГФР) ұсынған жаппай тәртіпсіздіктер себептілігінің қазіргі заманғы теорияларының жіктелуі назар аударарлық. Оларға әлеуметтік, психологиялық және әлеуметтік-психологиялық теориялар да тән [5, 32–41].

Жаппай эксцесс себептерінің социологиялық теориялары осы жіктемеде бірнеше түрде берілген. Мәселен, «әлеуметтік-құрылымдық» теориялар нақты жағдайда (әлеуметтік-экономикалық қиындықтар; болмаған күтуден алшақтау; қоғам өміріндегі саяси және әлеуметтік тұрақсыздыққа, адамдардағы кереғар сезімге әкеп соқтыратын күрт өзгерістер) туындайтын тәртіпсіздіктердің көптеген бастауын негіздейді.

Осындай жағдайларда дәстүрлі нормалар мен мінез-құлық стандарты әрекет етуін тоқтатады, әлеуметтік бақылау әлсірейді, бұл ірі эксцесстер тудыруы мүмкін.

Психологиялық теория жаппай тәртіпсіздік себептерін олардың субъектілерінің жеке ерекшеліктерімен, ең алдымен, халықтың кейбір бөлігінің туындаған мәселелерді күштеп шешуге бейімділігімен түсіндіруге тырысады. Тәртіпсіздікке қатысуды мұндай адамдар өзін-өзі бекіту, әлеуметтік мәртебе алу, зорлық-зомбылық пен қатыгездікке бейімділіктің сыртқы көрінісі ретінде қарастырады.

Себептердің тізбесі толық бола алмайды, өйткені онда тәртіпсіздікке қатысушылардың да, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің де психологиялық мінез-құлқы жеткілікті дәрежеде ескерілмейді. Көпшілік жағдайда, жасырын агрессия едәуір өсе түседі. Топтың бірігуі орын алады, ол үшін оларда мақтаныш сезімі пайда болады, өзге топтардың мінез-құлқы өз тобының мүдделеріне қол сұғатын арандатушы ретінде қабылданады, бұл зорлық-зомбылыққа әкеледі.

Жаппай тәртіпсіздікке ынталандыратын әсер ететін факторлар арасында ұлтаралық қақтығыстар алаңдаушылық тудырады. Ұлтаралық қақтығыстардың қауіптілігі шын мәнін-

Жаппай тәртіпсіздіктің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайлар

де өзекті, өйткені өздерінің ұлттық құрылымдарынан тыс тұратын немесе олардың соңғы жылы жалпы саны 18 млн адамнан астам, олардың ішінде Республикада қазақтардан басқа 131 ұлыстың өкілдері тұрады. 2013 жылы өткізілген халық санағының қорытындысы бойынша халықтың этноқұрамы келесідей болды: қазақтар – 65,2 %, орыстар – 21,8 %, өзбектер – 3 %, украиндар – 1,8 %, ұйғырлар – 1,4 %, татарлар – 1,2 %, немістер – 1,1 %, корейлер – 0,6 %, түріктер – 0,6 % [6]. Соңғы жылдары әртүрлі этникалық топ арасындағы қарым-қатынас ұлттық саясатта бұрын орын алған елеулі кемшіліктердің, Қазақстан халқының құқықтық санасының өсіп келе жатқан және саясаткерлердің туындаған қайшылықтарды дер кезінде шеше алмауының нәтижесінде едәуір күрделене түседі.

Бұрынғы КСРО аумағында ұлтаралық жанжалдардың барлық алуан түрлілігі кезінде олардың пайда болу себептері мен болып жатқан оқиғалардың сипаты сияқты кейбір ұқсас белгілер байқалады.

Біріншіден, этникалық азшылықтардың ұлтшылдығын қайта жаңғырту, әдетте, халықтың орташа жіктерінің өсуіне, урбанизацияға, ұлттық азшылықтың әлеуметтік және саяси теңсіздігінің күшеюіне байланысты.

Екіншіден, жанжалдың стимуляторы «бастамашылдық» немесе шенеунік интеллигенцияның әрекеттері болып табылады.

Үшіншіден, проблемаларды шешудің күштік әдістерінің бастауы халықтың орта топтарының сөз сөйлеуі болып табылады. Қақтығыстың өршу процесі оған неғұрлым көп және басқа топтармен салыстырғанда неғұрлым ауыр жағдайдағы төмен әлеуметтік топтар кіріккенде тұрақты болады. Дәл осы топтар қоғамдық күштерді «жауларымен» күресуге жұмылдырады.

Төртіншіден, егер саяси, этникалық қарама-қайшылықтар әлеуметтік қайшылықтар болса, қақтығыстар күрт шиеленіседі. Мұндай жағдайда этникалық жау болып саналғандар «тап өкілдерінің» жауына айналады.

Бесіншіден, жанжалдың өсуі жағдайында белсенділіктің стимуляторы полицияның заңсыз, біліксіз іс-әрекеті және заңдылық пен құқық тәртібінің қанағаттанғысыз жай-күйі болып табылады, бұл орталық биліктің наразылығын тудырады және экономикалық теңсіздік пен саяси процеске тең құқылы қатысу үшін кедергілер аясында оған деген сенімге түбегейлі нұқсан келтіреді [7, 10–14].

Американдық социолог М. Хектер шиеленістің (әсіресе ұлтаралық қарым-қатынаста) едәуір шиеленісуі, орталық пен периферия арасындағы еңбектің ұтымсыз бөлінуі туралы болжам айтқан. Оның пікірінше, орталық дәстүрлі түрде қоғамдық өмірдің барлық саласында жауапты және күрделі, тиісінше беделді функцияларды орындайды. Әрине, ол өзіне материалдық және рухани артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Еңбектің және оған сәйкес келетін экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму деңгейлерінің мұндай бөлінуі екінші тараптардың жағынан наразылық туғызады. Осыған сәйкес онда қоғамның әлеуметтік құрылымдарының айырмашылықтары қалыптасуының да маңызы бар, сонымен бірге шетелдерде еңбекшілердің төменгі өкілдерінің салыстырмалы салмағы қалыптасады, олар көбінесе наразылықтың күш қолдану нысандарына бейім болады. Ұлтаралық жанжалдардың негізінде мүдделердің қарапайым сәйкес келмеуінен, ең алдымен, ұлттық дәстүрлер сенім, наным және ұлттық мәдениет негізінде көп нәрсе жататындықтан, егер теңсіздік пен жеке адамның құқықтарына қысым жасау орын алған болса, басқаға беру мен ымыраға келу проблемасын шеше алмайды. Пайда болуы ұлттық тараптардың өзін-өзі дамыту және өзін-өзі көрсету үшін жағдайлар беруден көрінеді. Бұл жай ғана өмір үшін қаражат емес, өзін-өзі басқару, тілдік, мәдени және ұлттық өзіндік ерекшеліктерді сақтау мүмкіндіктері болып табылады.

Қарама-қарсы тараптардың қарым-қатынастарындағы шиеленістің өсуі мен жинақталуы шарықтау шегіне жеткенде, тәртіпсіздікті тудыратын себеп таза символдық мәнге ие болуы мүмкін. Ол, негізінен, катализатордың тікелей зорлық-зомбылық іс-қимылды бұрмалауға себебін өзгертуші рөлін атқарады.

Мысалы, АҚШ-та бір жағдайда бала өлімі туралы есту тәртіпсіздіктердің болуына себеп болды; Душанбеде — Баку қаласынан келген армян ұлтының 3000 босқынының қалаға келуі туралы хабарлама; Әндіжан қаласында — футбол матчын тоқтату; Кишинев қаласында — милиция қызметкерлерінің кәсіби емес әрекеттері, Қарағандыда мейрамханада қазақ баласын армяндардың өлтіруі және т. б. болды.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктердің жіктелуін ескере отырып, қылмыстың себептері мен шарттарын жүйелеуге болады. Мұндай әрекеттер бұрын болған.

Нақты қылмыстардың себептері оларға әлеуметтік дамудың кемшіліктерінен, қоғамдық өмірдегі теріс құбылыстардан, экономикалық проблемаларды шешудегі олқылықтар мен қателіктерден, тәрбие жұмысындағы кемшіліктерден көрінеді.

Жедел жағдайдағы асқынулар, қанағаттанарлықсыз әлеуметтік жағдайлар (Тұрғын үй құрылысы, жабдықтау, қызмет көрсету саласы және т. б.). Олардың пайда болуына тек ішкі істер органдарының қызметіндегі кемшіліктер ғана себеп болып табылады.

Жаппай тәртіпсіздіктің тек бір немесе бірнеше себебін анықтауға болмайды деп ойлаймыз, бұл өзара байланысты, ұзақ уақыт бойы пайда болатын себептердің тұтас кешені.

Жаппай тәртіпсіздіктің пайда болуы мен дамуы факторларының (себептері мен жағдайларының) барлық күрделілігі мен көп аспектілігін ескере отырып, тек қана неғұрлым маңыздыларын атап өтеміз. Оларға, атап айтқанда, 1) елдегі немесе нақты өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт нашарлауы; 2) халықтың, әсіресе жастардың жұмыспен қамтылмауы; 3) бюрократизм, билікті теріс пайдалану, парақорлық, билік және басқару органдарының халықтың маңызды мүдделері мен қажеттіліктерін елемеу, ал бірқатар жағдайда билік өкілдерінің заңсыз (қылмыстық) іс-әрекеті; 4) ұлттаралық қатынастардағы шиеленіс, ал бірқатар жағдайда оны жасанды түрде арандату; тәртіпсіздіктерді және қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықтарды арандату мақсатында қылмыстық топтардың қасақана құқыққа қарсы әрекеттері; 5) пайда болған тәртіпсіздіктердің жолын кесу кезіндегі билік органдарының әрекетсіздігі, бұл олардың өсуіне әкеп соғады; 6) әділетсіз шешімдер қабылдау, оның ішінде, мысалы, азаматтардың түрлі санаттарына жер учаскелерін және т. б. бөлу туралы; 7) өткір әлеуметтік қайшылықтарды шешудің нақты құқықтық тетігінің болмауы; 8) халықтың едәуір бөлігінің құқықтық мәдениетінің төмен деңгейі, жастармен тәрбие жұмысының іске асырылмауы.

Әрине, мұндай факторлардың тізбесін жалғастыруға болады. Жаппай тәртіпсіздіктің пайда болу себептерінің кешенінде, әдетте, қарқындылығы әртүрлі деңгейдегі бірнеше фактордың әсер ететінін ғана байқаған жөн. Әрбір тәртіпсіздік фактісіне әртүрлі фактордың ерекше үйлесімі сәйкес келеді.

Қазіргі жағдайда әлеуметтік шиеленісті әлеуетті күшейтудің жаңа факторы байқалады.

Әрине, жаппай тәртіпсіздіктерді детерминдеуде әлеуметтік-саяси, экономикалық факторлардың маңызы зор. Сонымен қатар мұнда мемлекеттік органдардың құқық қорғау, басқару қызметіндегі деформацияны жою қажеттігін түсіну маңызды. Бюрократизм, билікті теріс пайдалану, парақорлық, халықтың мүдделерін елемеу, белсенділіктің жеткіліксіздігі, ал кейде лауазымды адамдардың ашық әрекетсіздігі не оларды құқыққа қарсы әрекеттерге тарту жаппай тәртіпсіздіктердің туындауының негізгі факторлары болуы мүмкін. Осындай «ішкі» қоздырғыштардың қауіптілігі анықталады.

Алдын алу қызметін табысты ұйымдастыру үшін қылмыстың себептерін және оларға ықпал ететін факторларды ғана білу маңызды емес. Оларды оқшаулауға және жоюға бағытталған құқықтық тетіктерді де білу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Казахстанская правда. 1986. 20 желтоқсан. № 49.
2. <https://zhanaozen1216.wordpress.com/2012/05/22/22-05-2012-zhanaozen-novyi-ouzen-in-1989/>
3. <http://www.iarex.ru/news/22237.html>
4. Шнайдер Г. Массовые беспорядки глазами криминолога // Общественные науки и современность. — 1991. — № 4.
5. Көрсетілген жұмыс.
6. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_демографиясы
7. Петров С.В. Основные факторы межнациональных конфликтов и их индикаторы // Место и роль органов внутренних дел в предупреждении и разрешении межнациональных конфликтов. — М.: Академия МВД РФ, 1993.

РЕЗЮМЕ

В научной статье автор исследует криминологическую характеристику массовых беспорядков, предусмотренных ст. 272 Уголовного кодекса Республики Казахстан. Рассматриваются различные современные теории причин возникновения массовых беспорядков. Автор подчеркивает, что наиболее важными причинами массовых беспорядков признаются противоречия в экономической, идеологической и других сферах жизнедеятельности, в сфере межнациональных отношений.

RESUME

In a scientific article, the author explores the criminological characteristics of mass riots provided for in Art. 272 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. Various modern theories of the causes of riots are examined. The author emphasizes that the most important causes of the riots are recognized as contradictions in the economic, ideological and other spheres of life, in the sphere of international relations.

ӘОЖ 343.3

Қ.Е. Дүйсенов, мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы қылмыстық-құқықтық тұрғыдан қарастырылады.

Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы жөнінде қарастырамыз. Бұл тақырыпты әріден қозғасақ, қоғамдық құндылықтар жүйесіндегі өмір сүру, денсаулық, жыныстық қол сұқпаушылық пен жыныстық еркіндік, сол сияқты ар-намыс құқықтары біздің мемлекетіміз сияқты бүкіл әлемде де әлеуметтік құқықтардың маңыздысы ретінде өткен ғасырдың ортасына қарай сипатталады. Жеке басқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түпкі объектісі жеке тұлға болып табылады. Қылмыс объектісі

ретінде — бұл әлеуметтік рөлдермен қоғамдық қатынастар жүйесінде қарастырылатын адам. Тікелей объектісін — жеке бастың өмірі, денсаулығы, бостандығы, ар-намысы сияқты құндылықтар құрайды.

Түйін сөздер: жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық, адам құқықтары мен бостандықтары, жеке бастың өмірі, қоғамдық қауіпті қол сұғушылық, адам өлтіру.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2016 жылғы 6 қаңтардағы «Ұлт жоспары — қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласының бір тарауында құқықтық тәртіп және заңдылық қаралды. Онда Елбасы: «Екінші реформаның мәні тәуелсіз сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдарды қатаң орындауға және құқық тәртібін нығайтуға бағытталуы тиістігінде», — деп құқық қорғау жүйесіне баса назар аударады [1].

Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы жөнінде қарастырамыз. Бұл тақырыпты әріден қозғасақ, қоғамдық құндылықтар жүйесіндегі өмір сүру, денсаулық, жыныстық қол сұқпаушылық пен жыныстық еркіндік, сол сияқты ар-намыс құқықтары біздің мемлекетіміз сияқты бүкіл әлемде де әлеуметтік құқықтардың маңыздысы ретінде өткен ғасырдың ортасына қарай сипатталады. Бұл туралы 1948 жылдың 10 желтоқсанында адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының жариялаған БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында атап өтілген болатын [2].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының өзі адам құқықтары мен бостандықтары, оның ар-намысы мен қадір-қасиеттері қоғамның және мемлекеттің жоғары құндылықтары ретінде бекітіліп, Қазақстанның өркениетті мемлекеттер қауымдастығына енуін айқындады [3].

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің құқықтық механизмдер тиімділігін арттыру мәселесі әсіресе қазіргі таңда баса назар аударуды талап етуде.

Азаматтардың жеке басына, құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар біздің қоғамымызға үлкен зиянын тигізеді. Сол себепті мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтармен шешуші күрес жүргізу Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының маңызды міндеті болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықпен күресу үшін елімізде қылмыспен тікелей күрес жүргізетін мемлекеттік органдардың жұмысын жақсартудың, сол сияқты қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдірудің маңызы зор. Қылмыстық-құқықтық ғылым тәжірибеші-заңгерлер қылмыстық заңды дұрыс қолдануға септігін тигізетіндей құқықтық мәселелерді дайындауы керек.

Қылмыстық қол сұғудан жеке адамды қорғау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабында бекітілген міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстанның қылмыстық құқығында Қылмыстық кодекс жүйесіндегі қылмыстың осы тобының орны туралы мәселе бірнеше рет қаралған. Соған қоса, бұл туралы 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде жеке адамға қарсы қылмыстар мемлекеттік қылмыстар мен меншікке қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын тараудан кейінгі 3-тарауда жеке басқа қарсы қылмыстар қарастырылғаны дәлел [4].

Қазіргі уақытта қолданыстағы ҚР-ның Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауынан басталады, бұлай орналасуы Қазақстан Республикасының Конституциясы 1-бабының ережесіне жауап береді [5].

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар — бұл азаматтардың негізгі жеке құқықтарына бағытталған қоғамдық қауіпті әрекеттердің Қылмыстық кодексте көзделген тобы. Бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі ауыр және аса ауыр түріне жатады, олар моральдық және материалдық зиян келтіруі мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бұл тобын бірінші орынға жылжыту Қазақстан Республикасының қыл-

мыстық заңнамасының негізгі реформасындағы маңызды концептуалдық идеяға, яғни азаматтардың өмірі мен денсаулығы, оның заңды мүдделерінің құқықтары мен бостандықтарын айрықша қорғауға сәйкес еді. Аталған құндылықтарды айрықша қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясында арнайы қаралып, Еуропалық ынтымақтастық елдерінің халықаралық көптеген актісінде айтылған. Жеке адамды, оның ішінде адам өмірі мен денсаулығына айрықша қорғау қылмыстық заңнамада жеке адамға қарсы қылмыстар туралы тараудың орналасуын өзгертумен ғана емес, басқа ерешеліктерде де байқалады, яғни 1) жеке адамға қарсы мейлінше қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жоғары санкция белгілеу; 2) қылмыс істеудегі күштеу тәсілінде санкция жүйесі дайындауда тіркеу (көбінесе бұл меншікке қарсы қылмыстар үшін санкцияда байқалады); 3) ауыр зардаптардың қылмыс түзуші немесе саралау белгілері ретінде пайдаланғанда, олар заңда адам денсаулығына зиян немесе өлім келтіруінде бірінші кезекте көрсету жолымен ашылады (әсіресе, бұл көлік, экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікке қарсы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтарда байқалады); 4) жеке меншіктің мемлекеттік және басқа формаларымен тең қорғауды жүзеге асыру. Бұл идеяға «жеке бас» ұғымын қамтитын құқық қорғау мүдделерінің шеңберінің кеңеюі де қатысты [6].

Бұрын бұл түсінік қылмыстық құқықта Қазақ КСР қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің 3-тарауындағы бастауда аталған мемлекеттік емес объектілерге қатысты қарастырылған «Жеке адамның өміріне, денсаулығына, бостандығына ар-намысына қарсы қылмыстар». Сондықтан да қылмыстық құқық ғылымында «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» термині жыныстық қылмыста және отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылық кіретін қылмыстардың аталған тобына қатысты қолданылды. Азаматтардың саяси, еңбек, басқа құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар 1959 жылғы кодекстің Ерекше бөлімінің дербес 4-тарауын құрады да, жеке адамға қарсы қылмыстар ретінде қарастырылмады [7].

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп адамның өмірі мен денсаулығына, жыныстық дербестігіне, бостандығына, ар-намысына қол сұғатын қоғамдық қауіпті әрекеттер танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың мұндай түрін істеу нәтижесінде адамға айтарлықтай зиян не болмаса өмірге, денсаулыққа заңды құқықтары мен бостандыққа зиян келтіру қорқынышы туады.

Жеке басқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түпкі объектісі жеке тұлға болып табылады. Қылмыс объектісі ретінде — бұл әлеуметтік рөлдер мен қоғамдық қатынастар жүйесінде қарастырылатын адам. Ол бір мезгілде биологиялық тіршілік иесі де, белгілі құқықтарды, міндеттерді, бостандық пен әлеуметтік құндылықтарды иеленуші де болады. Тікелей объектісін жеке бастың өмірі, денсаулығы, бостандығы, ар-намысы сияқты құндылықтар құрайды.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы — бұл жеке бастың өміріне, денсаулығына, бостандығына, ар-намысына қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтар болып табылады.

Құрамына қарай жеке адам қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар материалдық және формальдық болып бөлінеді. Материалдық құрамның объективтік жағы үш міндетті белгіден тұрады: 1) қоғамдық қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); 2) қоғамдық қауіпті зардаптар; 3) олардың арасындағы себепті байланыстар.

Әрекетсіздік әрекет сияқты тұлғаның ерікті қылығы болып табылады, сондықтан да ол әрқашан саналы сипатқа ие. Егер де қоғамдық қауіпті әрекет кінәлінің белсенді мінез-құлқынан байқалса, онда әрекетсіздік болу керек және істелуі мүмкін әрекеттің істелмеуінен байқалады. Қоғамдық қажетті әрекеттерді орындауда тұлғаның міндеті мыналардан шығады: а) заң мен нормативтік актілерді жазудан; ә) кәсіби міндеттер мен қызметтік

міндеттерден; б) келісімшарттар; в) жеке өзара қатынастан; г) кінәлінің алдағы қызметінен. Қылмыстың формальдық құрамының объективтік жағы тек қоғамдық қауіпті әрекеттен тұрады.

Осыған байланысты жеке адамға қарсы қылмыстарды материалдық құрамдары мыналар: адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бап), жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бап), аффекті жағдайында жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 101-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 102-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 103-бап), абайсызда қазаға ұшырату (ҚР ҚК 104-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-бап), денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (ҚР ҚК 107-бап), денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (ҚР ҚК 108-бап), ұрып соғу (ҚР ҚК 109-бап), аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру (ҚР ҚК 111-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 112-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 113-бап), денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК 114-бап), соз ауруын жұқтыру (ҚР ҚК 117-бап).

Формальдық құрамға жататындар: өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бап), азаптау (ҚР ҚК 110-бап), қорқыту (ҚР ҚК 115-бап), адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бап), адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы (ҚР ҚК 118-бап), қауіпті жағдайда қалдыру (ҚР ҚК 119-бап), зорлау (ҚР ҚК 120-бап), он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122-бап), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123-бап), жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бап), психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (ҚР ҚК 127-бап), адам саудасы (ҚР ҚК 128-бап), адамды клондау (ҚР ҚК 128-бап), жала жабу (ҚР ҚК 130-бап), қорлау (ҚР ҚК 131-бап).

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі заңмен белгіленген жасқа жеткен есі дұрыс адам, яғни қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі жалпы болып танылады.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағынан тура және жанама ниетпен жасалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісіне байланысты төмендегідей топқа бөліп қарастырады: адам өміріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бап), жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 102-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 103-бап), абайсызда қазаға ұшырату (ҚР ҚК 104-бап), өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бап), соңғы екеуін санамағанда өмірге қарсы барлық аталған қылмыс адам өлтіруге жатады.

Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-бап), денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру (ҚР ҚК 107-бап), денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (ҚР ҚК 108-бап), ұрып-соғу (ҚР ҚК 109-бап), қинау (ҚР ҚК 110-бап), аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру (ҚР ҚК 111-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 112-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 113-бап), денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК 114-бап), соз ауруын жұқтыру (ҚР ҚК 117-бап) адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы (ҚР ҚК 118-бап).

Адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар: қорқыту (ҚР ҚК 115-бап), адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бап), қауіпті жағдайда қалдыру (ҚР ҚК 119-бап).

Адамның жыныстық дербестігі мен жыныстық еркіндігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: зорлау (ҚР ҚК 120-бап), сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚР ҚК 121-бап), он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122-бап), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123-бап), жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бап).

Адамның және азаматтың жеке бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: адам ұрлау (ҚР ҚК 125-бап), бас бостандығынан заңсыз айыру (ҚР ҚК 126-бап), психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (ҚР ҚК 127-бап).

Адамның және азаматтың ар-намысына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: жала жабу (ҚР ҚК 129-бап), қорлау (ҚР ҚК 130-бап) [8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш – Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2016 жылғы 6 қаңтардағы «Ұлт жоспары — қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы / <http://www.akorda.kz>
2. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсанындағы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы». /<http://www.adilet.zan.kz>
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз. Алматы, «ЮРИСТ» баспасы (кейінгі өзгерулерімен).
4. Қазақ КСРО 1959 жылғы Қылмыстық кодексі/<http://www.adilet.zan.kz>.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 03 шілде. Алматы, «Норма» баспасы.
6. Курс уголовного права. Особенная часть / Под ред. Г.Н. Борзенкова. — М., 2002. Т. 3.
7. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Борчашвилидің және Р.Б. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен. — Алматы: «Норма-К», 2007.
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 03 шілде. Алматы, «Норма» баспасы.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается понятие уголовного преступления против личности в Уголовном кодексе Республики Казахстан. Актуальность этой темы характеризуется тем, что в системе общественных ценностей жизнь, здоровье, право на совесть и др. являются важнейшими социальными правами во всем мире. Объект этой категории уголовных правонарушений — это человек, который рассматривается в системе общественных отношений в определенных социальных ролях. Непосредственным объектом являются личная жизнь, здоровье, свобода, достоинство.

RESUME

The article deals with criminal offenses against the person in the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan from a criminal point of view.

In a scientific article, we consider the concept of a criminal offense against a person in the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. The future of this topic is characterized by the fact that in the system of social values life, health, sexual exploitation and sexual freedom, as well as the rights to conscience are the most important social rights in the world, as in our state, in the middle of the last century. Individuals are the ultimate object of criminal offenses against individ-

uals. The object of a criminal offense is a person who is considered in the system of social relations with social roles. The direct object is — personal life, health, freedom, dignity.

УДК 343

Еспергенова Е. В., научный сотрудник центра по проблемам исследования и мониторинга законодательства, регламентирующего деятельность ОВД, НИИ, магистр права, майор полиции

(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан)

Искусственное создание доказательств обвинения при заведомо ложном доносе по делам об изнасиловании

